

НЕТЕХНИЧЕСКОЕ РЕЗЮМЕ ПРОЕКТА
«Проект нормативов эмиссий
для насосно-фильтровальной станции №1, 2 ГКП на ПХВ «Астана Су Арнасы»
акимата города Астаны на 2026-2035 гг.»

1. Описание места осуществления деятельности

Административное расположение Площадки №2 – насосно-фильтровальной станции: Республика Казахстан, район Алматы, ул. Жансугурова 7, на левом берегу р. Ак-Булак – правого притока р. Есиль. Ближайшая жилая зона расположена на расстоянии 110 м в южном направлении.



Рис. 1. Карта-схема расположения места осуществления деятельности.

2. Описание затрагиваемой территории с указанием численности ее населения

Согласно данным Бюро национальной статистики, численность населения города Астаны на 1 июня 2026 года составила 1674699 человек.

Естественный прирост населения в январе-мае 2026г. составил 8256 человек (в соответствующем периоде предыдущего года - 8257 человек). Число зарегистрированных новорожденных увеличилось на 0,02 % по сравнению с аналогичным периодом 2025 года.

Сальдо миграции положительное и составило 27267 человек (в январе-мае 2025г. - 29606 человек), в том числе во внешней миграции 720 человек (659 человек), во внутренней 26547 человек (28947 человек).

3. Наименование инициатора намечаемой деятельности, его контактные данные

Оператором объекта является Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Астана Су Арнасы» акимата г. Астана

БИН 00094002622;

Почтовый адрес оператора: 010000, Республика Казахстан, г. Астана, проспект Абая, зд.103

4. Краткое описание намечаемой деятельности

Вид деятельности: Основная деятельность предприятия связана с эксплуатацией водопроводно-канализационного хозяйства, к которой относится:

- Предоставление услуг по водоснабжению и водоотведению;
- Разработка паспортов для водохозяйственных сооружений;
- Пломбирование, поверка и ремонт приборов учета воды;
- Отключение и подключение водоснабжения;
- Устранение технических неисправностей на сетях водопровода и канализации;
- Откачка септиков у населения и организаций;
- Подвоз воды;
- Химико-бактериологический анализ питьевой воды и стоков;
- Хлорирование и гидравлическое испытание сетей водопровода.

Водопроводно-канализационное хозяйство является одной из важнейших составных частей жилищно-коммунального комплекса любого города. Обеспечение экологической безопасности производства и подачи потребителям качественной питьевой воды и одновременно отведения и очистки сточных вод является главной задачей данного предприятия.

Насосная станция технического водоснабжения предусмотрена для подачи технической воды для ТЭЦ-3.

Категория насосной станции – I.

Подача технической воды для ТЭЦ-3 в размере 100 тыс. м³/сутки производится в равномерном режиме в течение суток. Аварийный запас в резервуарах в объеме 40 тыс. м³ восстанавливается за счет поступления воды от технического водовода в течение 5 часов.

Для подачи технической воды от резервуаров 2х20 000 м³ на производственные нужды ТЭЦ- 3 в насосной станции предусмотрены 4 насоса (2 рабочих, 2 резервных). производительностью 850 м³/ч, напором 75 м каждый, электродвигателем с частотным регулированием.

Отопление зданий и сооружений на площадке централизованное

5. Краткое описание существенных воздействий намечаемой деятельности на окружающую среду, включая воздействия на следующие природные компоненты и иные объекты: жизнь и (или) здоровье людей, условия их проживания и деятельности; биоразнообразие (в том числе растительный и животный мир, генетические ресурсы, природные ареалы растений и диких животных, пути миграции диких животных, экосистемы); земли (в том числе изъятие земель), почвы (в том числе включая органический состав, эрозию, уплотнение, иные формы деградации); воды (в том числе гидроморфологические изменения, количество и качество вод); атмосферный воздух; сопротивляемость к изменению климата экологических и социально-экономических систем; материальные активы, объекты историко-культурного наследия (в том числе архитектурные и археологические), ландшафты; взаимодействие указанных объектов.

Осуществление деятельности производится на существующей территории объекта. Объект расположен на существующей производственной площадке. Освоение новых земельных участков и изъятие земель не предусматриваются. Обеспечивается удаленность селитебной территории в соответствии с санитарно-эпидемиологическими требованиями. Не требуются освоение новых земель, изъятие земель сельскохозяйственного назначения и других.

6. Информация о предельных количественных и качественных показателях эмиссий, физических воздействий на окружающую среду, предельном количестве накопления отходов, а также их захоронения, если оно планируется в рамках намечаемой деятельности

Настоящий проект нормативов допустимых выбросов выполнен к «Проекту нормативов эмиссий для насосно-фильтровальной станции № 1,2 ГКП на ПХВ «Астана Су Арнасы» акимата города Астаны на 2026-2035 гг.» сроком на 10 лет и обусловлен корректировкой данных по итогам проведенной инвентаризации источников выбросов от 29.04.2026 года.

Ранее было получено экологическое разрешение на воздействие №: KZ46VCZ01809971 от 24.06.2022 г.

Согласно ранее согласованному проекту, на период эксплуатации объекта было предусмотрено 27 источниками загрязнения атмосферного воздуха, из них 8 неорганизованных источников загрязнения атмосферного воздуха и 19 организованных источника загрязнения.

- В выбросах от объекта было 25 загрязняющих веществ без учета автотранспорта.
- Максимальный выброс вредных веществ составлял 7.8848879675 г/с – (без учета передвижных источников).
- Валовый выброс вредных веществ составлял 3.1378996 т/г – (без учета передвижных источников).

В соответствии с настоящим проектом, площадка НФС №1,2 представлена 29 источниками загрязнения атмосферного воздуха, из них 10 неорганизованных источников загрязнения атмосферного воздуха и 19 организованных источников загрязнения.

При эксплуатации объекта в настоящее время будет образовываться 23 загрязняющих веществ без учета автотранспорта (для которых разработаны нормативы) и 25 веществ с учетом автотранспорта. Общий валовый выброс ЗВ на 2026-2035 годы составит:

- Максимальный выброс вредных веществ составляет 7.88808040943 г/с (без учета автотранспорта).
- Валовый выброс вредных веществ составляет 3.8004000222 т/г (без учета автотранспорта).
- С учетом автотранспорта – 8.09233910943 г/сек; 4.1061712472 тонн/год.

Корректировке подверглись следующие источники выбросов: в ранее разработанном проекте были включены 6 газонокосилок (ист. 6185-6190) и триммер (ист. 6191), на данный момент на предприятии функционируют 2 газонокосилки (ист. 6185-6186) и 4 бензотриммера (6192-6195). Таким образом, источники № 6187-6191 были ликвидированы.

Добавлены новые неорганизованные источники выбросов:

- *Ист. 6192-6195 Бензотриммеры*
- *Ист. 6196 Склад соли;*
- *Ист. 6197 Муфельная печь;*
- *Ист. 6198 Химический шкаф.*

Выбросы от автотранспорта, проектом не нормируются, в связи с тем, что платежи за выбросы от передвижных источников производятся исходя из фактически использованного предприятием дизельного топлива и бензина. Согласно пункту 17 статьи 202 ЭК РК нормативы эмиссий от передвижных источников (автотранспорт, спецтехника и т.д.) выбросов загрязняющих веществ в атмосферу не устанавливаются.

Воздействия на водные ресурсы. Расчет нормативов допустимых сбросов загрязняющих веществ произведен для одного выпуска переливных вод в р. Акбулак. Нормирование выполнено для 11 ингредиентов загрязняющих веществ – хлориды, сульфаты, фториды, нитраты, нитриты, аммиак, БПК₅, марганец, железо, медь, ПАВ.

Сбросы загрязняющих веществ в накопитель ГКП на ПХВ «Астана су арнасы» акимата города Астаны составят:

- На период 2026-2035 гг. – 1 435 912 г/час, 12 845,82 т/год.

Воздействия отходов производства и потребления.

В настоящее время в процессе эксплуатации на предприятии будет образовываться 21 вид отходов, из которых: 9 – опасными, 12 – неопасными.

Общий объем накопленных за год отходов составит **20770,595 тонн**, из которых опасных отходов – **176,191 тонн**, неопасных – **20594,404 тонны**.

Отходы будут временно складироваться в специально оборудованных местах и своевременно передаваться для дальнейшего восстановления или удаления подрядной организацией. **Отходы окажут незначительное воздействие.**

Таблица 1. Кодификация и объемы накопления отходов

№	Наименование отходов	Уровень опасности	Код отхода
1.	Отработанные ртутьсодержащие лампы	опасный	200121*
2.	Отработанные аккумуляторы	опасный	200133*
3.	Отработанные промасленные фильтры	опасный	160107*
4.	Отработанные воздушные фильтры	опасный	160121*
5.	Промасленная ветошь	опасный	150202*
6.	Отработанные масла	опасный	130204*
7.	Тара из-под ЛКМ	опасный	080111*
8.	Обезвоженный иловый осадок	неопасный	190999
9.	Твердые отбросы с решеток	неопасный	190805
10.	Отработанные шины (резиновые изделия (автошины, шланги)	неопасный	160103
11.	Лом и отходы черного металла (металлическая стружка)	неопасный	160117
12.	Лом и отходы цветных металлов	неопасный	160118
13.	Огарыши сварочных электродов	неопасный	120113
14.	Древесные отходы	неопасный	030105
15.	Строительные отходы	неопасный	170904
16.	Отработанная оргтехника и непригодные электрооборудования	опасный	200135*
17.	Износенная спецодежды	неопасный	150203
18.	Твердые бытовые отходы (коммунальные)	неопасный	200301
19.	Бой стекла (с учетом керосиновых термометров)	опасный	170204*
20.	Отходы, обрывки и лом пластмассы (тара полиэтиленовая (мешки), пластик)	неопасный	150106
21.	Отходы и макулатура бумажная и картонная	неопасный	200101

Воздействие на недра не будет оказано. При работе объекта воздействия на недра не ожидается, так как проводить работы в грунте не планируется.

Воздействие на почвенный покров. Почвы в пределах исследованной территории относятся к группе малопригодных, воздействие на почвы незначительное.

Воздействие на животный и растительный мир не ожидается. Животных в районе территории объекта не обнаружено. Краснокнижных и редких видов растительности и животных не обнаружено.

Физическое воздействие. Шум, вибрация, электромагнитное излучение будут образовываться за счет работы оборудования и автотранспорта. Интенсивность будет зависеть от типа оборудования. Уровни воздействия при работе техники с учетом требований к качеству работ и при соблюдении техники безопасности не окажут негативного воздействия на состояние окружающей среды.

7. Информация:

о вероятности возникновения аварий и опасных природных явлений, характерных соответственно для намечаемой деятельности и предполагаемого места ее осуществления;

о возможных существенных вредных воздействиях на окружающую среду, связанных с рисками возникновения аварий и опасных природных явлений;

о мерах по предотвращению аварий и опасных природных явлений, и ликвидации их последствий, включая оповещение населения;

В случае возникновения пожара предусматривается применение автоматических и первичных средств пожаротушения

При дальнейшем проектировании будут предусмотрены все необходимые мероприятия для защиты зданий, сооружений и обслуживающего персонала от чрезвычайных ситуаций.

На основании вышеизложенного вероятность возникновения аварийных ситуаций рассматривается как минимальная.

Для поддержания в надлежащем состоянии технологического оборудования и предупреждения возникновения аварийных ситуаций будут производиться его своевременное и качественное техническое обслуживание согласно разработанным и утвержденным графикам планово-предупредительных ремонтов (далее ППР).

Вероятность возникновения отклонений, аварий и инцидентов в ходе деятельности невелика.

В проекте будут предусмотрены меры безопасности для обслуживающего персонала при всех технологических процессах:

- аспирация и системы местной вытяжной вентиляции;
- конструктивные строительные решения по зданиям и сооружениям;
- общеобменная вентиляция.

8. Краткое описание

мер по предотвращению, сокращению, смягчению выявленных существенных воздействий намечаемой деятельности на окружающую среду;

Существенных воздействий деятельности на окружающую среду не ожидается.

мер по компенсации потерь биоразнообразия, если намечаемая деятельность может привести к таким потерям;

Потери биоразнообразия в результате реализации намечаемой деятельности не ожидаются.

возможных необратимых воздействий намечаемой деятельности на окружающую среду и причин, по которым инициатором принято решение о выполнении операций, влекущих таких воздействия;

Необратимые воздействия на окружающую среду в результате реализации проекта не прогнозируются.

способов и мер восстановления окружающей среды в случаях прекращения намечаемой деятельности;

Необратимого техногенного изменения окружающей среды не ожидается.

9. Список источников информации, полученной в ходе выполнения оценки воздействия на окружающую среду:

Законодательные рамки экологической оценки.

Деятельность осуществляется на территории Республики Казахстан, поэтому его экологическая оценка выполнена в соответствии с требованиями Экологического законодательства Республики Казахстан и других законов, имеющих отношение к проекту.

Экологическое законодательство РК основывается на Конституции Республики Казахстан и состоит из Экологического Кодекса, 2021г. и иных нормативных правовых актов Республики Казахстан.

Проект нормативов допустимых эмиссий обязательная процедура для деятельности, в рамках которой оцениваются возможные последствия хозяйственной и иной деятельности для окружающей среды и здоровья человека, разрабатываются меры по предотвращению неблагоприятных последствий, оздоровлению окружающей среды с учетом требований экологического законодательства Республики Казахстан.

ЖОБАНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ЕМЕС ТҮЙІНДЕМЕСІ
«Астана қаласы әкімдігінің «Астана Су Арнасы» ШЖҚ МКК №1,2
сорғы-сүзгі станциялары үшін 2026–2035 жылдарға арналған эмиссиялар
нормативтерінің жобасы»

1. Қызметті жүзеге асыру орнының сипаттамасы

№2 алаңның — сорғы-сүзгі станциясының әкімшілік орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Жансүгіров көшесі, 7, Есіл өзенінің оң жақ саласы болып табылатын Ақбұлақ өзенінің сол жағалауында.

Ең жақын тұрғын аймақ оңтүстік бағытта 110 м қашықтықта орналасқан.



Сурет 1. Қызметті жүзеге асыру орнының орналасу картасы-схемасы.

2. Қамтылатын аумақтың сипаттамасы және оның халқының саны

Ұлттық статистика бюросының деректеріне сәйкес, 2026 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Астана қаласының халық саны 1 674 699 адамды құрады.

2026 жылғы қаңтар–мамыр айларындағы халықтың табиғи өсімі 8 256 адамды құрады, ал өткен жылдың сәйкес кезеңінде бұл көрсеткіш 8 257 адам болған. 2026 жылғы қаңтар–мамыр айларында 2025 жылғы қаңтар–мамыр айларымен салыстырғанда жаңа туғандар саны 0,02%-ға, қайтыс болғандар саны 0,1%-ға артқан.

Көші-қон сальдосы оң мәнге ие болып, 27 267 адамды құрады, ал 2025 жылғы қаңтар–мамыр айларында 29 606 адам болған. Оның ішінде сыртқы көші-қон сальдосы 720 адамды, өткен жылдың сәйкес кезеңінде 659 адамды, ішкі көші-қон сальдосы 26 547 адамды, өткен жылдың сәйкес кезеңінде 28 947 адамды құрады.

3. Жоспарланып отырған қызмет бастамашысының атауы және оның байланыс деректері

Объектінің операторы — Астана қаласы әкімдігінің «Астана Су Арнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

БСН: 00094002622.

Оператордың пошталық мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Абай даңғылы, 103-ғимарат.

4. Жоспарланып отырған қызметтің қысқаша сипаттамасы

Қызмет түрі: кәсіпорынның негізгі қызметі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін пайдаланумен байланысты және мынадай жұмыстарды қамтиды:

- сумен жабдықтау және су бұру қызметтерін көрсету;
- су шаруашылығы құрылыстарының паспорттарын әзірлеу;
- суды есепке алу аспаптарын пломбалау, тексеру және жөндеу;
- сумен жабдықтауды ажырату және қосу;
- су құбыры және кәріз желілеріндегі техникалық ақауларды жою;
- халық пен ұйымдардың септиктеріндегі сарқынды суларды сорып шығару;
- суды тасымалдап жеткізу;– ауызсу мен сарқынды суларға химиялық-бактериологиялық талдау жүргізу;
- су құбыры желілерін хлорлау және гидравликалық сынау.

Сумен жабдықтау және су бұру шаруашылығы кез келген қаланың тұрғын үй-коммуналдық кешенінің аса маңызды құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Сапалы ауызсуды өндіру мен тұтынушыларға жеткізудің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ сарқынды суларды бұру және тазарту кәсіпорынның негізгі міндеті болып табылады.

Техникалық сумен жабдықтау сорғы станциясы 3-ЖЭО-ны техникалық сумен қамтамасыз етуге арналған.

Сорғы станциясының санаты — I.

3-ЖЭО-ға тәулігіне 100 мың м³ көлемінде техникалық су беру тәулік бойы біркелкі режимде жүзеге асырылады. Резервуарлардағы көлемі 40 мың м³ болатын авариялық су қоры техникалық су құбыры арқылы келіп түсетін судың есебінен 5 сағат ішінде қалпына келтіріледі.

Көлемі 2 × 20 000 м³ резервуарлардан 3-ЖЭО-ның өндірістік қажеттіліктеріне техникалық су беру үшін сорғы станциясында әрқайсысының өнімділігі 850 м³/сағ және арыны 75 м болатын, жиілік арқылы реттелетін электр қозғалтқыштарымен жабдықталған төрт сорғы қарастырылған. Оның екеуі жұмыс істейтін, екеуі резервтік сорғы болып табылады.

Алаңдағы ғимараттар мен құрылыстарды жылыту орталықтандырылған жүйе арқылы жүзеге асырылады.

5. Жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға елеулі әсерлерінің қысқаша сипаттамасы, оның ішінде мынадай табиғи компоненттер мен өзге де объектілерге әсері: адамдардың өмірі және (немесе) денсаулығы, олардың тұру және қызмет ету жағдайлары; биоәртүрлілік, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, генетикалық ресурстар, өсімдіктер мен жабайы жануарлардың табиғи мекендеу орталары, жабайы жануарлардың көші-қон жолдары, экожүйелер; жерлер, оның ішінде жерлерді алып қою; топырақ, оның ішінде органикалық құрамы, эрозия, тығыздалу және деградацияның өзге де түрлері; су, оның ішінде гидроморфологиялық өзгерістер, судың мөлшері мен сапасы; атмосфералық ауа; экологиялық және әлеуметтік-экономикалық жүйелердің климаттың өзгеруіне төзімділігі; материалдық активтер, тарихи-мәдени мұра объектілері, оның ішінде сәулет және археологиялық объектілер, ландшафттар; аталған объектілердің өзара байланысы

Қызмет қолданыстағы объект аумағында жүзеге асырылады. Объект қолданыстағы өндірістік алаңда орналасқан.

Жаңа жер учаскелерін игеру және жерлерді алып қою көзделмейді. Қоныстану аумағынан санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес қажетті қашықтық қамтамасыз етіледі.

Жаңа жерлерді игеру, ауыл шаруашылығы мақсатындағы және өзге де жерлерді алып қою талап етілмейді.

6. Эмиссиялардың және қоршаған ортаға физикалық әсерлердің шекті сандық және сапалық көрсеткіштері, қалдықтарды жинақтаудың шекті көлемі, сондай-ақ жоспарланып отырған қызмет шеңберінде көму көзделген жағдайда, оларды көму көлемі туралы ақпарат

Осы рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы «Астана қаласы әкімдігінің «Астана Су Арнасы» ШЖҚ МКК №1 және №2 сорғы-сүзгі станциялары үшін 2026–2035 жылдарға арналған эмиссиялар нормативтерінің жобасына» 10 жыл мерзімге әзірленген. Жобаны әзірлеу қажеттілігі 2026 жылғы 29 сәуірде жүргізілген шығарындылар көздерін түгендеу нәтижелері бойынша деректердің түзетілуіне байланысты.

Бұған дейін 2022 жылғы 24 маусымда № KZ46VCZ01809971 қоршаған ортаға әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алынған.

Бұрын келісілген жобаға сәйкес объектіні пайдалану кезеңінде атмосфералық ауаны ластайтын 27 көз қарастырылған, оның ішінде 8 ұйымдастырылмаған және 19 ұйымдастырылған атмосфералық ауаны ластау көзі болған.

– Автокөлікті есепке алмағанда, объектінің шығарындыларының құрамында 25 ластаушы зат болған.

– Зиянды заттардың ең жоғары біржолғы шығарындылары жылжымалы көздерді есепке алмағанда 7,8848879675 г/с құраған.

– Зиянды заттардың жалпы шығарындылары жылжымалы көздерді есепке алмағанда жылына 3,1378996 тоннаны құраған.

Осы жобаға сәйкес №1 және №2 сорғы-сүзгі станцияларының алаңында атмосфералық ауаны ластайтын 29 көз бар, оның ішінде 10 ұйымдастырылмаған және 19 ұйымдастырылған атмосфералық ауаны ластау көзі.

Қазіргі уақытта объектіні пайдалану барысында автокөлікті есепке алмағанда нормативтер әзірленген 23 ластаушы зат және автокөлікті есепке алғанда 25 ластаушы зат бөлінеді.

2026–2035 жылдарға арналған ластаушы заттар шығарындыларының жалпы көлемі:

– зиянды заттардың ең жоғары біржолғы шығарындылары автокөлікті есепке алмағанда 7,88808040943 г/с құрайды;

– зиянды заттардың жалпы шығарындылары автокөлікті есепке алмағанда жылына 3,8004000222 тоннаны құрайды;

– автокөлікті есепке алғанда шығарындылар 8,09233910943 г/с және жылына 4,1061712472 тоннаны құрайды.

Шығарындылардың мынадай көздері түзетілді: бұрын әзірленген жобада 6 көгалшапқыш, яғни №6185–6190 көздер және №6191 — триммер есепке алынған. Қазіргі уақытта кәсіпорында 2 көгалшапқыш, яғни №6185–6186 көздер және 4 бензинді триммер, яғни №6192–6195 көздер пайдаланылады. Осылайша, №6187–6191 көздер жойылды.

Жаңа ұйымдастырылмаған шығарындылар көздері қосылды:

– №6192–6195 — бензинді триммерлер;

– №6196 — тұз қоймасы;

– №6197 — муфельді пеш;

– №6198 — химиялық шкаф.

Автокөліктен бөлінетін шығарындылар осы жоба шеңберінде нормаланбайды, себебі жылжымалы көздерден бөлінетін шығарындылар үшін төлем кәсіпорын нақты пайдаланған дизель отыны мен бензиннің көлеміне қарай есептеледі.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 202-бабының 17-тармағына сәйкес жылжымалы көздерден, оның ішінде автокөлік пен арнайы техникадан атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың эмиссия нормативтері белгіленбейді.

Су ресурстарына әсер ету

Ластаушы заттардың рұқсат етілген төгінділері нормативтерінің есебі Ақбұлақ өзеніне ағызылатын артық судың бір шығарылымы үшін жүргізілді.

Нормалау ластаушы заттардың 11 ингредиенті бойынша орындалды: хлоридтер, сульфаттар, фторидтер, нитраттар, нитриттер, аммиак, БПК₅, марганец, темір, мыс және беттік-белсенді заттар.

Астана қаласы әкімдігінің «Астана Су Арнасы» ШЖҚ МКК жинақтағышына төгілетін ластаушы заттардың көлемі:

– 2026–2035 жылдар кезеңінде — 1 435 912 г/сағ және жылына 12 845,82 тонна.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарының әсері

Қазіргі уақытта кәсіпорынды пайдалану барысында қалдықтардың 21 түрі түзіледі, оның ішінде 9 түрі қауіпті, 12 түрі қауіпті емес қалдықтарға жатады.

Бір жыл ішінде жинақталатын қалдықтардың жалпы көлемі 20 770,595 тоннаны құрайды, оның ішінде:

– қауіпті қалдықтар — 176,191 тонна;

– қауіпті емес қалдықтар — 20 594,404 тонна.

Қалдықтар арнайы жабдықталған орындарда уақытша жиналып, кейіннен қалпына келтіру немесе жою үшін мамандандырылған мердігер ұйымдарға уақтылы берілетін болады.

Қалдықтардың қоршаған ортаға әсері елеусіз болады.

Кесте.1 Қалдықтарды кодтау және оларды жинақтау көлемдері

№	Қалдықтардың атауы	Қауіптілік деңгейі	Қалдық коды
1.	Құрамында сынап бар пайдаланылған шамдар	қауіпті	200121*
2.	Пайдаланылған аккумуляторлар	қауіпті	200133*
3.	Майланған пайдаланылған сүзгілер	қауіпті	160107*
4.	Пайдаланылған ауа сүзгілері	қауіпті	160121*
5.	Майланған шүберек	қауіпті	150202*
6.	Пайдаланылған майлар	қауіпті	130204*
7.	Лак-бояу материалдарынан босаған ыдыстар	қауіпті	080111*
8.	Сусыздандырылған тұнба шөгіндісі	қауіпті емес	190999
9.	Торлардан алынған қатты қалдықтар	қауіпті емес	190805
10.	Пайдаланылған шиналар және резеңке бұйымдар (автошиналар, шлангілер)	қауіпті емес	160103
11.	Қара металл сынықтары мен қалдықтары (металл жоңқалары)	қауіпті емес	160117
12.	Түсті металл сынықтары мен қалдықтары	қауіпті емес	160118
13.	Дәнекерлеу электродтарының қалдықтары	қауіпті емес	120113
14.	Ағаш қалдықтары	қауіпті емес	030105
15.	Құрылыс қалдықтары	қауіпті емес	170904
16.	Пайдаланылған ұйымдастыру техникасы және жарамсыз электр жабдықтары	қауіпті	200135*
17.	Тозған арнайы киім	қауіпті емес	150203
18.	Қатты тұрмыстық қалдықтар (коммуналдық қалдықтар)	қауіпті емес	200301
19.	Шыны сынықтары (керосинді термометрлерді қоса алғанда)	қауіпті	170204*
20.	Пластмасса қалдықтары, қиындылары мен сынықтары (полиэтилен ыдыстар, қаптар, пластик)	қауіпті емес	150106

№	Қалдықтардың атауы	Қауіптілік деңгейі	Қалдық коды
21.	Қағаз және картон қалдықтары мен макулатура	қауіпті емес	200101

Жер қойнауына әсер ету.

Жер қойнауына әсер етілмейді. Объектіні пайдалану кезінде жер қойнауына әсер ету күтілмейді, себебі топырақ қабатында қандай да бір жұмыстар жүргізу жоспарланбаған.

Топырақ жамылғысына әсер ету.

Зерттелетін аумақ шегіндегі топырақтар пайдалануға жарамдылығы төмен топырақтар тобына жатады. Топырақ жамылғысына әсер ету деңгейі елеусіз болады.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне әсер ету.

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне әсер ету күтілмейді. Объект орналасқан аумақта жануарлар анықталған жоқ. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген және сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар түрлері анықталған жоқ.

Физикалық әсер ету.

Шу, діріл және электромагниттік сәулелену жабдықтар мен автокөліктің жұмысы нәтижесінде пайда болады. Олардың қарқындылығы қолданылатын жабдықтың түріне байланысты болады.

Жұмыстарды орындау сапасына қойылатын талаптар мен қауіпсіздік техникасы қағидалары сақталған жағдайда, техниканы пайдалану кезіндегі әсер ету деңгейлері қоршаған ортаның жай-күйіне теріс әсер етпейді.

7. Мынадай ақпарат:

– жоспарланып отырған қызметке және оны жүзеге асыру болжанатын орынға тән авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау ықтималдығы туралы;
– авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың туындау тәуекелдеріне байланысты қоршаған ортаға ықтимал елеулі зиянды әсерлер туралы;
– авариялар мен қауіпті табиғи құбылыстардың алдын алу және олардың салдарын жою жөніндегі, оның ішінде халықты хабардар ету шаралары туралы.

Өрт туындаған жағдайда оны өрт сөндіру жүйелерінің көмегімен сөндіру көзделеді.

Кейінгі жобалау кезеңдерінде ғимараттарды, құрылыстарды және қызмет көрсетуші персоналды төтенше жағдайлардан қорғауға бағытталған барлық қажетті іс-шаралар көзделетін болады.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде авариялық жағдайлардың туындау ықтималдығы ең төмен деңгейде деп бағаланады.

Технологиялық жабдықтарды тиісті жағдайда ұстау және авариялық жағдайлардың туындауына жол бермеу мақсатында әзірленген және бекітілген жоспарлы-алдын ала жөндеу кестелеріне сәйкес жабдықтарға уақтылы әрі сапалы техникалық қызмет көрсету жүргізілетін болады.

Қызметті жүзеге асыру барысында технологиялық режимнен ауытқулардың, авариялар мен оқыс оқиғалардың туындау ықтималдығы төмен.

Жобада барлық технологиялық процестер кезінде қызмет көрсетуші персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған мынадай шаралар көзделетін болады:

– аспирация және жергілікті сору желдеткіші жүйелері;
– ғимараттар мен құрылыстарға арналған конструктивтік-құрылыс шешімдері;
– жалпы алмасу желдеткіші.

8. Қысқаша сипаттама

Жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға анықталған елеулі әсерлерінің алдын алу, оларды азайту және бәсеңдету жөніндегі шаралар

Қызметтің қоршаған ортаға елеулі әсер етуі күтілмейді.

Жоспарланып отырған қызмет биоәртүрліліктің жоғалуына алып келуі мүмкін болған жағдайда, оның орнын толтыру жөніндегі шаралар

Қызметті жүзеге асыру нәтижесінде биоәртүрліліктің жоғалуы күтілмейді.

Жоспарланып отырған қызметтің қоршаған ортаға ықтимал қайтымсыз әсерлері және бастамашының осындай әсерлерге әкелетін операцияларды орындау туралы шешім қабылдау себептері

Қызметтің қоршаған ортаға ықтимал қайтымсыз әсерлері күтілмейді.

Жоспарланып отырған қызмет тоқтатылған жағдайда қоршаған ортаны қалпына келтіру тәсілдері мен шаралары

Қоршаған ортаның қайтымсыз техногендік өзгеруі күтілмейді.

*9. Қоршаған ортаға әсерді бағалау барысында алынған ақпарат көздерінің тізімі
Экологиялық бағалаудың заңнамалық негіздері*

Қызмет Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырылатындықтан, оның экологиялық бағалауы Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының және жобаға қатысы бар өзге де заңдардың талаптарына сәйкес орындалды.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және 2021 жылғы Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасын әзірлеу — қоршаған ортаға және адам денсаулығына шаруашылық және өзге де қызметтің ықтимал салдары бағаланатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарын ескере отырып, қолайсыз салдардың алдын алу және қоршаған ортаның жай-күйін жақсарту жөніндегі шаралар әзірленетін міндетті рәсім.